

Отбасың - ортаймас қазынаң

Арқалық қалалық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Ана - дария», «Әке - қазына» мектептері өскелең ұрпаққа ұдайы тәлім-тәрбие, өнеге берумен келеді.

Қазыналы мектептердің кезекті дәрісі Родина ауылындағы Ә.Бөкейханов атындағы жалпы білім беретін мектепте «Әке пана, әке дана, әке биік асқар тау» тақырыбында өрбіді. Шара барысында кеш қонақтары, қос мектептің тізгінін ұстаған ардагер ұстаздар: Халық ағарту ісінің үздігі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Жәнібек Ғапбасұлы, ҚР білім беру ісінің озық қызметкері, «Жомарт жан» медалінің иегері Бақытжамал ҚАЛТАЕВА жас буын алдында кеш тақырыбына байланысты тұжырымды ой - толғамдарын ортаға салып, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Отбасылық құндылықтарды сақтау - кезек күттірмейтін шара. Өкінішке орай, оның көлеңкелі жақтары азаймай отыр. Деректерге сүйенсек, 2022 жылы Арқалық қалалық Полиция басқармасы әйелдерге қарсы қылмыс туралы 70 арыз тіркеп, сол бойынша 49 қылмыстық іс қозғалған. Ал, отбасылық қарым - қатынастарға байланысты 94 әкімшілік құқықбұзушылық



анықталған. Сондай - ақ, әйелдерге қатысты 351 іс есепке алынып, оның ішінде ерекше талаппен 34 қорғау нұсқамасы салынған.

Отағасынан қорлық көрген әйелдер «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды әлеуметке қосу» орталығын жағалайды. Мәселен, 2021 жылы - 3 әйел, 4 бала, 2022 жылы - 4 әйел, 12 бала, 2023 жылдың 2 айында 5 әйел мен 7 бала орталық көмегіне жүгінген.

Ардагерлердің мектеп оқушылары, олардың ата-аналары, ұстаздар қауымымен кездесуінде осындай нақты мәліметтер келтіріліп, отбасындағы өзара түсіністік пен сыйластықтың сақталуын қамтамасыз ету қажеттігі алға тартылды.

«Әйел адам өз ерін сыйлап, тыңдайтын болса - бұл отбасында ынтымақ, тыныштық,

түсіністік орнайды. Әсіресе, ер адам жұмыстан оралғанда жылы қабақпен қарсы алып, қылықты мінезімен күйеуінің қабағына қарап, шаршап келгенін байқаса оның барлық жағдайын жасап, балалары әкелеп мәре-сәре болып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Ондай ер адам ешқашан жұмысынан кейін өз отбасына келуге асығып тұрады, - дейді Бақытжамал Аяғанқызы.

Данагөй қариялардың дәрістеріне мектеп басшысы Болатбек ОТАШЕВ алғысын білдіріп, қазіргі уақытта жастардың тәрбиесіне мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп жатқанын да тілге тиек етті. Сондай - ақ, мектеп ұжымы тарапынан ардагерлерге сый-құрметтерін көрсетіп, ұлттық дәстүрге сай жол-жоралғыларын жасады. Өнерлі балғындар ән мен күйден шашу шашты.